

Бекітемін  
Мектеп директоры  
*Миралиев*  
« 11 » *12* 2023 ж

Бабатай негізгі орта білім беретін мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған

**ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

#### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### **Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

#### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

### ***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады:*

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

### ***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### ***Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)***

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

### ***Жастар тәрбиесі (15-18 жас)***

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

#### **Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

#### **Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

#### **Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

**Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу



## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу	1-9 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы»  «Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалығы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

	<p><b>Ұлттық мүдде:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p> <p><b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу</p>				
3	<p>«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалаығы»)</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p> <p><b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу</p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	<p>«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» (реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</p> <p><b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшілер
5	<p>«Еңбек күні» мерекесі «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p> <p><b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету</p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

6	<p>Қамқоршылық кеңесі жұмысы</p> <p><b>Талап:</b> халқына адал қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	<p>Ауыл белсенділері</p>	<p>Кездесу</p>	<p>Отырыстың хаттамасы</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері</p>
7	<p>«Денсаулық және дұрыс тамақтану»</p> <p>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</p>	<p>1-4 сыныптар</p>	<p>Сынып сағаты</p>	<p>Сынып сағатының жоспары</p>	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер</p>

8	<p>«Дене сергіту» челленджі</p> <p><i>Талап: физикалық белсенді болу.</i></p> <p><i>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</i></p> <p><i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i></p>	<p>1-4 сыныптар</p> <p>5-9 сыныптар</p>	Челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
9	<p>«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар</p> <p><i>Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</i></p>	1-9 сыныптар	Апталық	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әдістемелік бірлестік жетекшілері

10	<p>«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі»  Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл  («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)  <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мұраға ұқыпты қарау.  <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	8-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ашық тәрбие сағатының жоспары	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, кітапханашы
11	<p>Отбасы күніне арналған іс-шаралар  <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру  <b>Ар-ұят:</b> өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</p>	1-9 сыныптар	Видеоролик	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

12	«Электрондық темекінің зияны» <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану	5-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, медбике, психолог
13	Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	5-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Әзірлемелер. Әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, әдістемелік бірлестік жетекшісі, кітапханашы
14	«Қарттырым-асыл қазынам» («Қарияға қол ұшын соз» жобасы) <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру	1-9 сыныптар	Кездесу	Әлеуметтік желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
15	«Қарттарым асыл қазынам» «Қарияға қол ұшын соз»	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

<p>жобасы</p> <p><i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i></p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> <i>ұлттық мәдениетті дәріптеу</i></p> <p><b>Талап:</b> <i>дұрыс қарым-қатынас орната білу</i></p>				
--	--	--	--	--

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1.	<p>«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</p>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы, сынып жетекші
2.	<p>«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер



3.	«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4.	Дублер күні <b>Ар-ұят:</b> адал еңбекті құрметтеу <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	2-9 сыныптар	Мерекелік іс шара	Іс шара жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5.	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші

6.	<p>Республика күні «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» <i>(25-қазан Республика күні)</i> «Ұрпаққа аманат» жобасы</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.</p> <p><b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану</p>	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	Іс- шара жоспары, әлеуметтік желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7.	<p>«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу</p>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
8.	«Спандияр Көбеев шығармашылығы»	9 сыныптар	Сынып	Сынып	Директордың

<p><i>(Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл)</i></p> <p>«Мен жастарға сенемін» <i>(Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл)</i></p> <p>«Шәкәрім – ұлы тұлға» <i>(Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл)</i></p> <p>орайғов– реалист ақын» <i>(Қазақ халқының XX ғасыр басындағы</i></p>	<p>5-6-сыныптар</p> <p>7-8-сыныптар</p> <p>4-сыныптар</p>	<p>сағаты</p> <p>Сынып сағаты</p> <p>Сынып сағаты</p> <p>Сынып сағаты</p>	<p>сағаты жоспары</p> <p>Сынып сағаты</p>	<p>тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер</p>
--	---	---	---	--

<p>аса көрнекті ақын- жазушысы, ақыл- ойшысы, демократ ақыны Торайғыров тың туғанына 130 жыл)</p> <p>«Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл» (Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл)</p> <p><b>Талап:</b> Білуге, жаңаны тануға құштар болу</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық</p>	<p>9-сыныптар</p>	<p>Сынып сағаты</p>		
---	-------------------	---------------------	--	--

	<i>мәдениетті дәріптеу</i>				
9.	«Бабалар салған ізімен...» оқушылар арасында айтыс ұйымдастыру («Өнер мен құндылықтар» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу <b>Ұлттық мүдде:</b> Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	2-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
10	Аталар, әжелер, әкелер, аналар мектебі <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру	1-9 сыныптар	Клуб құру	Жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшілер
11	Пікір-сайыс клубы (үш тілдік) Дебат клубы <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Талап:</b> жеке және командамен жұмыс істей білу <b>Ар-ұят:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу	8-9 сыныптар	Команда жасақтау	Жоспар, әлеуметтік желіге жариялау	Тарих пәні мұғалімі



## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдас тыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1.	<p>«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру</i> <i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i></p>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

2.	<p>«Жемқорлыққа жол жоқ»</p> <p><i>Ар-ұят: халқына адал қызмет ету</i></p> <p><i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i></p>	8-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	<p>15 қараша – Ұлттық валюта күні</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i></p> <p><b>Талап:</b> <i>Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау</i></p>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	<p>«Ал, қанекей әжелер!»</p> <p><i>Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану</i></p>	1-4 сыныптар	Әжелер клубы сайысы	Әлеуметті к желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер



5.	<p>«Оян, ар мен адалдық»  <i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</i>  <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету</p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер
6.	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ»  <i>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>  <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану  <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	7-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, педагогтер

7.	<p>«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау  <i>(«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)</i>  <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру</p>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
----	--	-----------------	--------------	-------------------------	------------------

9	<p>Оқушылар арасында сауалнама «Терроризмге қарсы қауіпсіздік» <i>Ар-ұят: халқына адал қызмет ету</i> <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</i></p>	5-9 сыныптар	Сауалнама жүргізу	Сауалнама нәтижесі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
10	<p>«Жол жүру ережелерін еске түсіреміз» <b>Талап: салауатты өмір салтын ұстану</b></p>	1-9 сыныптар	Түсіндірме жұмыстары	Анықтама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мұраға ұқыпты қарау	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	16 - желтоқсан Тәуелсіздіктің 32 жылдығы, «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау	2-9 сыныптар	Іс-шара	Іс-шараның жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, педагогтер

3	«Көк тудың желбірегені» (« <i>Жеткіншектің Жеті жарғысы</i> » жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші
4	«Ақылды қария – ағынды дария» <b>Ар ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру	5-9 сыныптар	Дөңгелек үстел	Дөңгелек үстелді жоспары/сценариі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аталар мектебі мүшелері, ата-аналар комитеті
5	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» (« <i>Жеткіншектің Жеті жарғысы</i> » жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</i>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	«Мейірімділік құндылығы» <b>Ар ұят:</b> достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

7	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
8	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу. Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
9	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда білім ұйымдарымен бірлесе спорттық ойындар өткізу	5-9 сыныптар	Іс-шара	Іс-шара жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
10	«Отбасындағы ортақ тіл» <b>Ар ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану <b>Ар ұят:</b> отбасының өз ортасының абыройын асыру <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	1-9 сыныптар	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші

11	Жасөспірімдер ортасында экстремистік идеяларының таралуын алдын алу жұмыстары	1-9 сыныптар	Түсіндірме жұмыстар: дөңгелек үстел, кездесулер	Анықтама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ауыл инспекторы
----	---	--------------	---	----------	--

## ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	<p>«Елімді жырға қосамын» (Туған өлке ақындарының шығармалары) («Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы)</p> <p><i>Ар-ұят: шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну</i></p> <p><i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i></p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	<p>«Жайдарман»</p> <p><i>Талап: сыни және креативті ойлау</i></p> <p><i>Талап: жеке және командалмен жұмыс істей білу</i></p> <p><i>Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу</i></p>	1-9 сыныптар	Сайыс	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер



3	«Парасат – ақыл мінез жарыстығы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас ората білу <b>Ар-ұят:</b> сөзіне берік, ісіне адал болу	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
4	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың алдын алу	5-9 сыныптар	Жиналыс	Түсіндірме жұмыстары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, ауыл инспекторы
5	«Әкенің ізімен» <b>Ар ұят:</b> өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу	5-9 сыныптар	Видеоролик дайындау	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	«Сен өз құқығыңды білесің бе?» (Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

	<p>атыстардың алдын алу)  <i>Ар-ұят: әдеп нормасын ұстану</i>  <i>Талап: дұрыс қарым қатынас орната білу</i>  <i>Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</i></p>				
7	<p>«Профи TIME» мамандықтар әлемінде  <i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i>  <i>Талап: уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау</i>  <i>Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету</i></p>	9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
8	<p>«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»  <i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i>  <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>  <i>Ар ұят: халқына адал қызмет ету</i></p>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

9	<p>«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы)</p> <p><b>Талап:</b> Салауатты өмір салтын ұстану</p>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
10	<p>«Толағай» («Ата-аналар мектебі» жобасы)</p> <p><b>Ар-ұят:</b> Отбасының өз ортасының абыройын асыру</p> <p><b>Талап:</b> физикалық белсенді болу</p> <p><b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану</p>	1-9 сыныптар	Спорттық сайыс	Жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, дене шынықтыру мұғалімдері
11	<p>Қауіпсіздік және алғашқы көмек»</p> <p><b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу</p> <p><b>Талап:</b> дұрыс қарым-</p>	5-9 сыныптар	Әлеуметтік жоба	Іс-шараның жоспары/сценарийі, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші

	<p>қатынас орната білу</p> <p><b>Талап:</b> уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау</p>				
12	<p>«Кәмелетке толмағандардың қылмыстық, әкімшілік жауапкершілігі»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</p> <p><b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану</p>	5-9 сыныптар	Сұхбат дәрістер өткізу	Анықтама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,кәмелеттік жасқа толмағандар ісі инспекторы
13	<p>«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)</p> <p><b>Талап:</b> Білуге, жаңаны тануға ұмтылу</p>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
2	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Іс-шараның жоспары/ сценаріі	Сынып жетекшілер

3	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
4	«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» жобасы) <b>Талап:</b> Білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ар-ұят:</b> Әдеп нормаларын ұстану <b>Ұлттық мүдде:</b> Қоғам игілігі үшін қызмет ету	9 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарийі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшілер

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	«Ана өмірдің шырағы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру	1-9 сыныптар	Тренинг, флешмоб	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер, психолог
2	«Зиянды әдеттерден аулақ бол» акция («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы) <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану	5-9 сыныптар	Акция	Жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

3	<p>«Қош келдің, өз- Наурыз»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Ұлттық мәдениетті дәріптеу</i></p> <p><b>Ар-ұят:</b> Әдеп нормаларын ұстану</p> <p><b>Талап:</b> Сыни және креативті ойлау</p>	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/сцена риі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	<p>«Ұлттық өнер» көрме</p> <p>«Төрт тоқсан – төрт өнер»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мұраға ұқыпты қарау</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	1-9 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/сцена риі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшілер, еңбек пәні мұғалімі



5	«Қыз еркем, анасымен көркем» <i>Ар ұят: әдеп нормаларын ұстану</i> <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	5-7 сыныптар	Сайыс	тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	Дүниежүзілік театр күні <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	1-9 сыныптар	Іс-шара	Іс-шара жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	«Ұлттық киім - ұрпаққа аманат» <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</i> <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер

## СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	«Қоқысты қайта өңдеу» («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы) <i>Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу</i> <i>Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету</i>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
2	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы) <i>Ар ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</i>	8-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

3	«12 сәуір Ғылым күні» <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші,
4	«Спорт және мен» <b>Талап:</b> физикалық белсенді болу	5-7 сыныптар	жарыс	Жеке жоспары	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері және бірлестік жетекшілері
5	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» («Жеткіншектің жеті жарғысы») <b>Ар-ұят:</b> Халқына адал қызметету <b>Ұлттық мүдде:</b> Қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
6	Таза аула <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сыныптар	Мектеп ауласы	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп ұжымы, сынып жетекшілер
7	«Туған өлкем» «Төрт тоқсан – төрт өнер» <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу	1-9 сыныптар	Фестиваль	Жеке жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші
3	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» «Менің отбасымның өмірлік жолы» жобасы («Ата-аналар мектебі» жобасы) <i>Ар-ұят: Әдеп</i>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

	<i>нормаларын ұстану</i> <b>Талап:</b> <i>Дұрыс қарым-қатынас орната білу</i>				
4	Жасыл мектеп <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Ар-ұят:</b> адал еңбекті құрметтеу <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сынып	Мектеп ауласында жұмыстар ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп ұжымы
5	«Кітапханаға саяхат» («Балалар кітапханасы» жобасы) <b>Талап:</b> <i>Білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
6	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Фестиваль	Жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	Сыңғырла, соңғы қоңырау! <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес	1-9 сыныптар	іс шара	Іс шара жоспары	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер

	қосу				
8	1-маусым балаларды қорғау күні <b>Ұлттық</b> <b>мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сыныптар	іс шара	Іс шара жоспары	Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, мектеп әкімшілігі, сынып жетекші